

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support

BT100

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Қауіпсіздік	2
	Ескерту	3
<hr/>		
2	Портативті динамигіңіз	6
	Кіріспе	6
	Қораптың құрамы	6
	Динамикке шолу	7
<hr/>		
3	Жұмысты бастау	9
	Кірістірілген батареяны зарядтау	9
	Көзді таңдау немесе өшіру	10
<hr/>		
4	Bluetooth құрылғыларын пайдалану	11
	Құрылғыны қосу	11
	Дыбысты Bluetooth функциясы арқылы ойнату	12
	Қоңырау шалу	13
<hr/>		
5	Сыртқы құрылғыны тыңдау	14
<hr/>		
6	Өнім туралы ақпарат	15
	Күшейткіш	15
	Bluetooth	15
	Жалпы ақпарат	15
<hr/>		
7	Ақаулықтарды жою	16
	Жалпы ақпарат	16
	Bluetooth құрылғысы туралы	17

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғы қандай да бір жолмен зақымданғанда, мысалы, қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалғанда, құрылғыға сұйықтық төгіліп кеткен немесе бір заттар құлап түскенде, құрылғы жаңбырдың астында немесе ылғалда қалғанда, қалыпты жұмыс істемей тұрғанда немесе құлап кеткенде қызмет көрсету қажет.
- Құрылғыларға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.

Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

CE 0168

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

Ескірген өнімді тастау



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.


Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жаңдануға болатын батарея бар, оны кәдімгі

тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.



Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

2 Портативті динамигіңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Кіріспе

Осы динамикпен келесі әрекеттерді орындай аласыз:


- Bluetooth қосылымы арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдау,
- **AUX** ұяшығы арқылы сыртқы құрылғыдан дыбысты тыңдау және қоңырау шалу.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- USB кабелі
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы

Динамикке шолу



① Батарея/Bluetooth индикаторы

- BT100 күйіне байланысты жанады, жыпылықтайды немесе өшеді.
- Мәліметтер алу үшін мына бөлімді қараңыз: Зарядтау индикаторы және Bluetooth индикаторы.

② Біріктірілген микрофон

③

- Кіріс қоңырауына жауап беру үшін басыңыз.
- Ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін басыңыз.
- Кіріс қоңырауды қабылдамау үшін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.
- Қоңырауды BT100 және мобильді телефон арасында өзгерту үшін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.
- Bluetooth режимінде жұптастыру ақпаратын өшіру үшін 8 секунд бойы басып тұрыңыз.

④ DC IN

- BT100 USB кабелі арқылы зарядтаңыз.

⑤ OFF (Өшіру) AUX

- Bluetooth/AUX IN режимін таңдау үшін сырғытыңыз.
- Динамикті өшіру үшін сырғытыңыз.

⑥ AUX

- Сыртқы ойнатқышқа қосылыңыз.

3 Жұмысты бастау


Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Кірістірілген батареяны зарядтау

BT100 құрылғысына кірістірілген зарядталатын батарея қуат береді.

Ескертпе

- Пайдаланбастан бұрын кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.



USB кабелін төмендегілердің арасында жалғаңыз

- динамиктегі **DC IN** ұясы және
- компьютердегі USB ұясы.

Зарядталып жатқандығын білдіретін индикатор


	Индикатор	Батарея
Bluetooth режимінде	Жыпылықтайтын көк/тұрақты көк (жұмыс күйіне байланысты)	Зарядталып жатыр
	Жыпылықтайтын көк/тұрақты көк (жұмыс күйіне байланысты)	Толық зарядталған
AUX IN режимінде	Ақ болып жыпылықтайды	Зарядталып жатыр
	Аппақ	Толық зарядталған
OFF (Өшіру) режимінде	Ақ болып жыпылықтайды	Зарядталып жатыр
	OFF (ӨШІРУЛІ)	Толық зарядталған




Ескертпе

- Bluetooth режимінде батарея қуаты таусылғанда **BT100** құрылғысы автоматты түрде өшеді. Зарядталып жатқанда Bluetooth индикаторы ақ болып жыпылықтайды. Bluetooth режиміне оралу үшін **BT100** құрылғысын өшіріп, қайтадан Bluetooth режимін таңдаңыз.

Көзді таңдау немесе өшіру

Көзді таңдау немесе BT100 құрылғысын өшіру үшін **OFF (Өшіру)**  **AUX** қосқышын сырғытыңыз.

-  : Bluetooth қосылымы арқылы сыртқы Bluetooth құрылғысын тыңдау.
- AUX IN: дыбыстық кіріс кабелі арқылы сыртқы құрылғыны тыңдау.
- OFF (ӨШІРУЛІ): BT100 құрылғысын өшіру.

4 Bluetooth құрылғыларын пайдалану

Осы динамик көмегімен ойнатқыш дыбысын тыңдауға және Bluetooth арқылы қоңырау шалуға болады.



Ескертпе

- Ешқандай дыбыстық кіріс кабелінің **AUX** ұяшығына жалғанбағанын тексеріңіз.
- Philips компаниясы барлық Bluetooth құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік бермейді.
- Құрылғыны осы жүйемен жұптастырудың алдында Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- Өнім ең көбі 8 жұптастырылған құрылғыны еске сақтай алады.
- Құрылғыдағы Bluetooth функциясы қосұлы екенін және құрылғыңыз барлық басқа Bluetooth құрылғыларына көрінетіндей орнатылғанын тексеріңіз.
- Осы жүйе мен Bluetooth құрылғысының арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын қысқартуы мүмкін.
- Кедергі келтіруі мүмкін кез келген басқа электр құрылғысынан алыс ұстаңыз.

Құрылғыны қосу

- 1 Жүгірткіні **Ⓚ** күйіне ауыстырыңыз.
- 2 Bluetooth құрылғысында **BT100** құрылғысын іздеңіз.
- 3 Құрылғылар тізімінен **PHILIPS BT100** құрылғысын таңдаңыз.
 - **PHILIPS BT100** құрылғысымен Bluetooth қосылымын орнатуға рұқсат сұрайтын хабар шықса, оны растаңыз.
 - Егер құпия сөз сұралса, **0000** мәнін теріңіз, содан соң растаңыз.

↳ Bluetooth қосылымы орнатылғанда **BT100** құрылғысы екі рет дыбыстық сигнал шығарады.

Bluetooth көрсеткіші

Жоғарыдағы ЖШД көрсеткіші Bluetooth қосылымының күйін көрсетеді.

Индикатор	Bluetooth байланысы
Көк түспен жыпылықтау	Байланыс орнатылып жатыр немесе байланысты орнатуды күтуде
Көк түспен жану	Байланыс орнатылды

Құрылғыны ажырату

- Құрылғыда **BT100** құрылғысымен Bluetooth қосылымын ажыратыңыз.
- Не болмаса, **BT100** құрылғысында, қоңырауда болмаса, **📶** түймесін басып тұрыңыз.



Ескертпе

- Басқа Bluetooth құрылғысын қосудың алдында алдымен ағымдағы құрылғыны ажыратыңыз.

Құрылғыны қайта қосу

- Автоматты қайта қосылу функциясы қосылған жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін бұл өнім оны анықтаған кезде оған қайта қосылады.
- Автоматты қайта қосылу функциясын қолдамайтын жұптасқан Bluetooth құрылғысы үшін оны бұл өнімге қолмен қайта қосыңыз.


Дыбысты Bluetooth функциясы арқылы ойнату



Ескертпе


- Егер қосылған ұялы телефонда кіріс қоңырауы болса, музыканың ойнатылуы уақытша тоқтатылады.

Түймелер Функциялар

 Bluetooth жұптау ақпаратын өшіру үшін 8 секунд басып тұрыңыз.


Қоңырау шалу

Button режиміндегі Bluetooth функциялары

Түймелер	Статус	Функциялар
	Кіріс қоңырауы	Кіріс қоңырауына жауап беру үшін басыңыз. Кіріс қоңырауынан бас тарту үшін 3 секундтан артық басып тұрыңыз.
	Қоңырау барысында	Ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін басыңыз. Қоңырауды BT100 құрылғысы мен мобильді құрылғы арасындау тасымалдау үшін 3 секундтан артық басып тұрыңыз.

5 Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сондай-ақ, **BT100** арқылы сыртқы дыбыстық құрылғыны, мысалы, MP3 ойнатқышын тыңдауға болады.



- 1 Дыбыс кірісі кабелін 3,5 мм қосқышпен екі ұшынан
 - осы өнімдегі **AUX** ұяшығы және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақсапап ұяшығы арасында жалғаңыз.
- 2 Слайдерді **AUX** күйіне ауыстырыңыз.
- 3 Сыртқы құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

6 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2W RMS
Сигнал-шу арақатынасы	>70 дБ
Aux-in Link	300 мВ RMS, 10 кОм

Bluetooth

Bluetooth сипаттамасы	V3.0 +EDR
Қолдау көрсетілетін профильдер	HFPv1.5, AD2Pv1.2
Кеңейтілген мүмкіндіктер	Жаңғырық пен шуылды азайту
Ауқымы	10 м көру аясы

Жалпы ақпарат

Тұрақты ток қуат кірісі	USB: 5В, 500 мА;
Кірістірілген литий-полимерлік батарея	3,7 В 500 мАс
Батареяның жұмыс уақыты	>8 сағат
Өлшемдері — Негізгі құрылғы (Ұ x Е x Б)	63 x 63 x 82 мм
Салмағы - негізгі құрылғы	0,18 кг

7 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Жалпы ақпарат

Қуат жоқ

- Динамикті зарядтаңыз.

Дыбыс жоқ

- Қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Bluetooth арқылы дыбысты тыңдағанда **AUX** ұяшығына дыбыстық кіріс кабелі қосылмағанын тексеріңіз.
- Bluetooth құрылғысының тиімді жұмыс ауқымында екенін тексеріңіз.

Динамиктен жауап жоқ

- Динамикті қайта іске қосыңыз.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Бұл өнім басқа Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғымен қосылып қойылған. Бұл құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұпталған құрылғы тұрақты қосылып, ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth қосылымы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде ажыратылуы мүмкін. Бұл осы өнімнің бұзылғанын білдірмейді.



Specifications are subject to change without notice.
2014 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved. Philips
and the Philips' Shield Emblem are registered trademarks of
Koninklijke Philips N.V. and are used by WOOX Innovations
Limited under license from Koninklijke Philips N.V.

BT100_00_UM_V2.0

